

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТҮРКІ ӘЛЕМІМЕН ҚАУЫШТЫРАДЫ
LATIN ALPHABET CONNECTS TO TURKIC WORLD

Сейдулла САДЫҚОВ*

Түйіндеме

Латындырылған қазақ әліпбиінің астары тереңде жатыр. Түркі халықтарына ортақ әліпбидің кемел келешегіне риясыз сеніп, оның орнығуына үлкен үлес қосқан Нәзір Төреқұловтың тұлғасы айрықша ерекшеленеді. Ол басшылық жасаған Орталық баспа жаңа түркі әліпбиін (латыншаланған) насихаттауда маңызды рөл атқарады.

Кеңестік дәуірде араб графикасынан латын қарпіне, одан соң кириллицаға көшіру қоғамның ақпараттық қамтамасыз етуші төмен күйде тұрғанда жүргізілді.

Қазақ елі жаппай сауатты елге айналды. Рухани бай қазынаға иеміз. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақ елінің рухани жаңғыруы аясында жүзеге асырылғалы отырған кең ауқымды жоба саналады.

Кілт сөздер: Бағдарламалық мақала, ауқымды жоба, руникалық жазу, араб графикасы, латын қарпі, түркі алфавиті, миссионерлік идея, жаһандық өркениет.

Summary

Latinized Kazakh alphabet has deep meaning. The figure of Nazir Torekulov is very special who has believed in bright future of Turkic people and has done his utmost to develop it. The press-office where he conducted played an important role in promoting a new Turkic alphabet (latinized).

The transfer from Arabic graphics to Latin letter and to Cyrillic is carried during a poor condition of providing society with data in the Soviet period.

Almost all the Kazakh people became literate. We have spiritual wealth. The transfer of Kazakh language to Latin alphabet which is realized in the frame of morale development of the Kazakh people is considered as broad project.

Key words: programming article, broad project, Runic alphabet, Arabic graphics, Latin letter, Turkic alphabet, missionary idea, global civilization.

Президент Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының екінші бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты

* филология ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры. Түркістан-Қазақстан.
Doctor of philology, Professor of K. A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan-Kazakhstan. E-mail: sadykov.51@mail.ru

С. Садықов. Латын әліпбиі түркі әлемімен қауыштырады.

жобаларды жүзеге асыруымызды да талап ететінін алға тарта отырып, таяу жылдары атқарылуы тиіс міндеттерді белгілеп берді. Осыған байланысты алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынды. “Біріншіден, - деп жазды Елбасы, - қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттілігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық” [1]. Президент бұдан әрі қазақ тілі әліпбиінің тереңнен тамыр тартатынына назар аударады. Иә, VI-VII ғасырларда (ерте орта ғасыр кезеңі) Еуразия құрлығында ғылымға “Орхон-Енисей жазулары” деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі еді. Ал, V-XV ғасырларда түрік тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Айталық, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылды. Халқымыз ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала басталды. Сонымен, X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президумы латындырылған жаңа әліпби – “ Біртұтас түркі алфавитін ” енгізу туралы қаулы қабылданды. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада “Қазақ жазуын латындырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы” заң қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Латындырылған қазақ әліпбиінің тарихи астары терең ойларға жетелейді. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарынан басап қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу зиялыларын ұлт мүддесі, тіл, діл тағдыры толғандырды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сынды азаматтарымыз Алаш туын желбіретті.

Түркі халықтарына ортақ латыншаланған әліпбидің кемел келешегіне риясыз сеніп, оның орнығуына елеусіз үлес қосқан ұлтымыздың жарық жұлдыздарының бірі Нәзір Төреқұловтың тұлғасы айрықша ерекшеленеді. Ол Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында биліктің биік шыңына шықты. 1918 жылдың көктемінде Қоқан Совдепі ревкомының хатшысы болды, үш жылдан кейін партиялық және

мемлекеттік иерархияның ең биік сатысына көтерілді – Кеңестердің 1921 жылдың мамырындағы кезекті съезінде ТурЦИК төрағасы болып сайланды, РКП(б) ОК-нің Орта Азиялық бюросының мүшесі, Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшесі болды [2].

Н.Төрөқұлов Түркістандағы Кеңес мәдениеті құрылысы, білім беру мен ағарту мәселелеріне ерекше мән беріп отырды, осы салалардағы нағыз реформаторға айналды. Оның идеялары, ой-арманы өзі ұйымдастырып, басшылық еткен басылымдарда жарияланған мақалаларында айқын көрініс тауып отырды. Автордың “Түрік тілі”, “Ұлт тілі және мемлекет” аталатын еңбектерінде патшалық Ресейдің жергілікті ұлттарды бір-біріне айдап салуға бағытталған Түркістандағы отаршылдық саясаты сынға алынды. Ол басшылық қызмет атқарған жылдары білім беру мәселесін әрдайым басты назарда ұстады, бұл проблема республика үкіметінің саясатында басты бағыттардың бірі болды. Осы өзекті мәселелер Н.Төрөқұловтың 1925 жылы өткен I Бүкілодақтық мұғалімдер съезінде жасаған “Ұлт мәселесі және мектеп” атты баяндамасы бойынша қабылданған қарарда айқын көрініс тапты. Ол тіл проблемалары, емле ережелері, жаңа әліппе жайында бірсыпыра еңбектер жазған. 1926 жылы Мәскеу баспасынан шыққан “Жат сөздер” кітапшасында басқа тілдерден енген термин сөз, атауларды жазу принциптері жөнінде келелі ойлар айтқан [3].

Н.Төрөқұловты 20-жылдары Түркістандағы ұлттық тілдер тағдыры қатты толғантқан. Ол тұрғылықты этностардың тілдеріне мемлекеттік мәртебе берілгеніне, іс-қағаздарының жергілікті халық тіліне көшірілгеніне, ұлттық мектептер мен кітап өнімдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қатары өскеніне шынайы қуанды. Жаңа түркі әліпбиі жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде араб жазуынан латыншаға көшудің қажеттігін негіздеді. Бұл мәселе бойынша өз көзқарастарын дәлелдеп, Чобанзаде, Агамали-оглы секілді қайраткерлермен қызу айтысты. Латыншаға көшірудің барлық түркі этностарына, ұлттық сезіміне, жазба мәдениетіне қатыстылығын анық біліп, дайындық кезеңінің басты міндеті бір жағынан үгіт-насихатқа мейлінше зейін қою, латыншаға көшуге көмектесетін жергілікті ұйымдарды нығайту, екінші жағынан жаңа түркі әліпбиіне көшуді ғылыми негіздеуді қамтамасыз ету деп санады.

Нәзір Төрөқұлов 1926 жылдың наурызында Бакуде өткен I Бүкілодақтық түркітанушылар съезінде былай деп атап көрсетті: “... Ең алдымен түркітанушылар съезінің бүкіл түркі дүниесі үшін ерекше прогресті революциялық факт болғанын қадай айтқым келеді, мұны

С. Садықов. Латын әліпбиі түркі әлемімен қауыштырады.

мына мағынада түсіну керек: бұл съезде ескі араб сауатының күні өткені, арамыздан біржолата кеткені деп түсіну керек.

... Енді бұл мәселенің қазіргі ахуалына ойысқым келеді. Бәске түскені тек екі әліпби, бұлар – реформаланған жаңа араб әліпбиі және латын әліпбиі... Барлық осынау түркі республикалары мен облыстарында шынын айтқанда жазудың бір графикасы, бір әліпбиі, бір жүйесі жоқ. Татар республикасында әліпбидің яки графиканың бір жүйесін, Қазақ республикасында екінші, Түркімен республикасында үшінші жүйесін енгізуге ұмтылыс бар”...

Кеңестік Шығыс халықтарының жазуын жаңарту мәселелерімен айналысқан Н.Төрешұлы 1928 жылдың қаңтарындағы “Жаңа міндеттер” деген мақаласында былай деп ерекше атап көрсетеді: “...Мұнымен қатар Кеңестік Шығыстың қалың бұқарасы мен алдыңғы қатарлы жұртшылығының жаңа түркі әліпбиін енгізу ісіне көзқарасы секілді маңызды мәселені де аттап кетуге болмайды.

...КСРО түркі-татарлары арасындағы шаруашылық және мәдени байланыстар (әңгіме территориясы шектес, базары ортақ болғандықтан бір-бірімен байланысты халықтар туралы болып отыр; мысалы, татарлар мен башқұрттар, өзбектер, қазақтар және қырғыздар, т.б.) бізден өте икемді, олардың өз диалекті (тілі) негізінде қала отырып, “біртұтас түркі тілінің” көмегінсіз-ақ бір-бірімен араласа алатын жазу жүйесін жасауды талап етіп отыр”...

Айталық, ол өзінің “Түрік тілі” деген мақаласында Түркістандағы ұлттық мемлекеттік тіл туралы баспасөз беттерінде талқыланып жатқан мәселелер бойынша пікірталасқа белсене қатысады. Осыған байланысты Ресейдегі революцияға дейінгі Бақшасарайдағы “Таржумон”, Орынбордағы “Шуро” секілді мұсылман баспасөздерінде түркі тілдері мәселелері бойынша жүргізілген пікірталастарға тоқтала келіп, ол өз пікірі мен ұстанған позициясын ашық айтады, осы тақырып төңірегіндегі жекелеген авторлардың көзқарас-пікірлерін сынайды. Сонымен қатар ол татар мұғалімдерінің революцияға дейінгі өзбек және қазақ мектептерінде сабақ беруіне қарсы болуға тырысқан патшаның отаршыл шенеуніктерінің саясатын теріс бағалайды.

“Егер оныншы жылдары, – деп жазады ол мақаласында, – баршаға белгілі генерал Самсонов татар мұғалімдерінің өзбек және қазақ мектептерінде сабақ берулеріне тыйым салған бұйрық берген болса, менің ойымша, генерал мырза бұл бұйрықты интернационализм көзқарасы тұрғысынан немесе осы халықтарға берілгендіктен берген

жоқ, керісінше ол бұл бұйрықты осы өлкедегі халықтардың мәдениеті мен оқу-ағарту ісінің дамуына қайткенде де кедергі келтіру мақсатымен берді”.

“Патшалық самодержавиялық кезеңде ұлттық саясат пен оның сипатының астарында не жатты? - деп одан әрі жалғастырады Нәзір Төрөқұлов. – Ең алдымен мына жайтты баса айтуымыз керек, патша өкіметі Ресейде орыстан басқа ұлттарды білген жоқ, білгісі де келмеді. Патша самодержавасының барлық бағдарламасы өзге ұлттарды шетқақпайлай отырып жойып жіберуге немесе баршаны орыстандыруға келіп саяды. Кейбір көшпелі халықты күштеп қоныстандыруды мақсат етті, өзгелері, мысалы, украин, беларус тағы басқа халықтарды ұлттық қасиет-бейнесінен жұрдай етіп, ана тілдерінен айыруға күш салды, тіпті украин және беларус тілдерінде шоқынуға, мінәжат етуге тыйым салды. Олардан өзгелерді отаршылдық езгінің барлық қатаң режимін бастан кешірді. Олардың шұрайлы жерлері, шұрайлы жайылымдары тартылып алынып, тау шатқалдарына, жабайы аймақтарға қуылып тасталды, айталық Кавказда дәл осылай болды. Дәл осындай ушыққан саяси жағдайда ұлттарды сауаттандыру ісі жөнінде сөз болуы да мүмкін емес еді.

Қоғамның алдыңғы қатардағы топтарының қазіргі заманғы мектеп ісін ұйымдастыру жөніндегі әрекеттері басып тасталды. Патшалық Ресейде ұлттарға білім беру ісіндегі қалыптасқан жағдай дәл осындай болды” [4].

Нәзір Төрөқұлов бірқатар мақалаларында, мысалы, “Идорадан”, (“Басқарма”) (“Инқилоб”, 1922. №3), “Жасорат” (“Ержүрек”) (“Қизил байрақ”. 1922. 24 шілде) атты шығармаларында кез келген ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өз дамуында әлемнің өзге әдебиеттерінің идеялық-көркем тәжірибесімен молыға түсуі қажеттігі жөнінде өзекті мәселе көтереді. Ол әлем әдебиетінің озық үлгілерінің аудармасын насихаттау мен жариялауды баспасөздің аса маңызды міндеттерінің бірі деп есептеді.

Нәзір Төрөқұлов КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы ретіндегі өз қызметінің жаңа кеңестік мемлекетте ұлттық мәдениеттерді дамытудағы маңызын тамаша түсінген еді. Орталық баспаның 5 жылдығына арналып 1928 жылы маусымда өткен мерекелік мәжілісте оның басшысы ретінде ол ризашылықпен былай дейді: “...Орталық баспа әртүрлі ұлттардың сан миллиондаған бұқарасының кеңес мәдениетінен сусындауына жүйелі жол салып берді, өзі құрылған қысқа мерзімде

С. Садықов. Латын әліпбиі түркі әлемімен қауыштырады.

бірде бір елде болып көрмеген кітап өнімдері базасын жасай алды. Бес жылда ол оқулық, ғылыми-бұқаралық, қоғамдық-саяси, көркем, ауылшаруашылық және басқа әдебиеттің 59959713 данасын 50-ден астам ұлт тілдерінде шығарды. Кітап өндірісін жасау, нығайту және дамыту ісімен қатар Орталық баспа ұлттық мерзімді басылымдар жасап, оларды жақсарту және тарату мәселелеріне байыпты көңіл бөліп келеді. Қазіргі кезде ол 12 тілде 21 мерзімді басылым шығарып отырғанын айтсақ та жеткілікті”.

Оның Одақ халықтары үшін айрықша көмекші оқулық базасын жасау – ұлт тілдерінде орасан зор көлемде көрнекі құралдар, яғни артта қалған бұқараны мәдениетке тартудың неғұрлым жанды да төте жолы ретінде маңызы орасан бүкіл материалды жасау ісіндегі рөлінің де маңызы одан кем емес. Орталық баспаның барлық кітап өнімдерінде оқулықтардың үлесі бәрінен мол және бұл салада да оның Одақтың әртүрлі халықтары үшін арнайы әдебиеттер шығаруда жаңа жол салуына тура келді, өйткені патшалық замандағы оқулықтар ұлттар үшін мүлдем жарамсыз болатын. Орталық баспа қалың бұқара арасына жаңа түркі әліпбиін (латыншаланған) ендіруде де зор рөл атқарды. Ол латын негізінде түркі-татар тілдерінде әліпшелер, оқулықтар және басқа да әдебиет шығару жөнінде, сондай-ақ Орталық баспа шығаратын татар газет-журналдарын латыншаға көшіруде көп жұмыс жүргізді.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының соңында, кеңестік билік күшіне міне бастаған тұста, партиялық насихаттың алып машинасы жалпы мемлекеттік мүдделердің республикалардың дербестігіне шектеу қойып, дамудың бірқатар стратегиялық мәселелерін шешуде олардың өкілеттіліктерін орталыққа беру жолымен жүзеге асыруды талап ететінін ұғындырумен болды. КСР Одағының мемлекеттік құрылысындағы федерализм декларативті сипат алып, Одақ пен оның ұлттық республикаларының қызметі шектелді, ал соңғысының дербестігі формальды күйде қалды. Мұның соңы ұлттық және ұлтаралық қатынастарды дамытуда интернационализм идеясын басты ұранға айналдырды. Социалистік қоғам негіздерін нығайту және коммунистік идеологияны күшейту шараларының аясында интернационализм саясаты кең өріс алып, кеңес халқының, оның ішінде қазақтардың да жаңа өмір құрылысында алатын орнын, рөлі мен маңызын ой елегінен өткізу процесі жүріп жатты. Бұл процеске таптық тұрғыдан келу этнодифференциалды сипаттардың – тілдің, құндылықтар мен нормалардың, адамдардың

тарихи жадының, туған жер туралы ұғым-түсініктің, бабалар жөніндегі наным-сенімнің, ұлттық мінез-құлықтың, өнердің коммунистік идеология нұсқауларына сәйкес келуін талап етті [5].

Сол жылдары Қазақ елінде сауатсыздықпен күрестегі саяси мақсат әлеуметтік міндеттерден биік тұрды [6]. Бұл алға жаңа латын графикасына көшуде қазақ әліпбиін құру міндеті қойылғанда ерекшелене түсті [7]. Сонымен 1929 жылы араб графикасы латыншаға, кейіннен, яғни 1940 жылдан бастап кириллицаға көшірілді. Алфавит ауыстырудың мұндай реформасы қажеттілігінің туындау себебі, бұл артта қалып келген халықтың мәдениетте, ғылымда, білімде биікке көтерілуіне мүмкіндік туғызады деп түсіндірілді. Бір жағынан жаңа тарихи қауымдастықты, оның дәстүрлерін, салттарын, өмір бейнесін қалыптастыру процесін жеделдетуге тиіс болды.

Шынтуайтқа келгенде, оның түпкі мәнінің қайда жатқаны жөнінде профессор М.Мырзахметов мерзімді басылымдарда жарияланған бірқатар публицистикалық мақалаларында нақты архив деректері негізінде айтты [8]. «Бұрын еркін пайдаланылып, кейіннен А.Байтұрсынов жетілдірген қазақша әліпбиді кириллицаға көшірудің сыры қазақтарды діннен бездіріп, шоқындыру мақсатында жүргізілді, - дейді автор. - ...Қазан төңкерісінен кейін патшалық миссионерлік идеяны жүзеге асыруды бір кездері рухани семинария шәкірті болған Сталин өзіне тән суық ақылдың тезіне сала отырып әрекет етті, әсіресе орыс жазуын бірден алу түркі тілдес халықтардың қарсылығына ұшырауы мүмкін деп уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1930 жылы латын жазуын қабылдады. 1940 жылы халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен енді орыс жазуына көшірді».

Бір алфавиттен екіншіге, одан үшіншіге көшіру қоғамның ақпараттық қамтамасыз етілуі төмен күйде тұрған шағында жүргізілді. Бұл қоғамда сәйкессіздіктер туындатып, енді ғана сауаттанып келе жатқан халықты дағдарысқа ұшыратты. Араб графикасы қолданыстан шыққаннан кейін оған шамалы ғана адамдар ден қойды. Жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі жаңа латын графикасымен жазылғандардың бәрін де шынайы шындық тұрғысында бағалауға тиіс болды, олардың жаңа басылымдарды бұрынғы арабша жазылған дүниелермен салыстырып қарастыруға қабілеттері жетпеді. Бұрынғы қолжазбалардағы, журналдар мен газеттердегі қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік ақпараттар социалистік қоғам талаптарына сай болмай шықты.

С. Садықов. Латын әліпбиі түркі әлемімен қауыштырады.

Халқымыздың латын әліпбиінен кириллицаға көшкеннен бері сексен жеті жыл болыпты. Бір адамның ғұмыры дерліктей осы уақыт аралығын ой елегінен өткізер болсақ, халқы жаппай сауатты елге айналдық. Рухани бай қазынамыз сөрелерді қайыстырып тұр. Білім мен ғылымның шыңына өрмелеп келеміз.

Елбасының бағдарламалық мақаласын әбден екшеп, ой елегінен өткізіп, мың ойланып, жүз толғанып барып қолына қалам ұстағаны анық. Бұл еңбекті елдік толғауы десек те болады. Себебі, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақ елінің рухани жаңғыруы аясында жүзеге асырылғалы отырған кең ауқымды жобалардың бірі екендігі айдан анық. Қоғамдағы қызу талқылаулар бұл проблеманың қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр.

Кеңес одағы ыдырап, оның құрамындағы елдер өз тәуелсіздіктерін жариялағаннан кейін, ұзамай-ақ, яғни 1993 жылы бауырлас Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан елдерінің ғалымдары Анкарада бас қосып, күллі түркі жұртына ортақ 34 әріптен тұратын латын қарпінің үлгісін қабылдаған болатын. Бұл түркі жұрты үшін елеулі оқиға болды. Осынау киелі басқосудан кейін-ақ Әзербайжан, Өзбекстан және Түрікменстан елдері латын әліпбиіне көше бастады. Қазіргі кезде аталмыш бауырлас республикалар латын әліпбиін қолданудың біршама тәжірибесін жинады.

Қазақ елі латын қарпіне көшуге ауық-ауық талпыныс жасап келеді. Елбасы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында латын графикасына көшу мәселесін зерттеуді тапсырған болатын. Осыған орай арнайы комиссия құрылды. Оның құрамында білікті тіл ғалымдары мен қоғамдық институттардың мамандары жұмыс жасады. Жалпы қазақтың тіл мамандары латын қарпі үлгісін жасау жолында үлкен ізденіс жасап келе жатқанын айтуымыз керек. Соңғы мәліметтер бойынша елімізде қазірге дейін жүзден астам жоба дайындалған. Әзербайжан, Өзбекстан және Түрікменстанға ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, тәжірибелері мұқият сараптаудан өткізілді.

«Мен, - деп жазады Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында, - 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай

іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз».

Мемлекет басшысы үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Сондай-ақ Елбасы 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін де жеткізді. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісу қажеттігіне назар аударды.

«Барша түркі дүниесі әлем елдерінің басым көпшілігі қолданып отырған жазуға көшсе, - дейді жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайыл, - біріншіден, өзара ақпарат алмасу жеңілдейді, екіншіден, жаһандық өркениетке даңғыл жол салынады.

Басты міндет – еліміз 2015 жылы латын қарпіне толық көшкенше, осыған дейін жазылған және жасалған әдеби, ғылыми, т.б. мұраларды кириллицадан жаңа әліпбиге түсіріп үлгеру. Бұлар жасалмаған күнде, ұрпақтар арасындағы дәстүрлі рухани-мәдени сабақтастық белгісіз мерзімге үзіледі. Ал мұны сәтті жүзеге асыру үшін біз түбегейлі қолданатын латын қарпіндегі графиканы мүмкіндігінше қысқа уақытта қабылдауға тиіспіз» [9].

Қазіргі кезде қазақ зиялылары Елбасының бағдарламалық мақаласын қызу талқылауды жалғастыруда түсуде. Бұл заңды да. Ұлтымыздың рухани жаңғыруына бағытталған таяу жылдардағы ұлы міндеттер біртұтас ұлт болуға, мәдени және сана ашықтығына ұмтылуға, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлетуге бастайды. Халқымыз кириллица аталған әліпбидің ықпалынан, анығырақ айтқанда, оның толыққанды иесі саналатын жұрттың саяси-ақпараттық ықпалынан арылатын кезеңге де жеттік. Бұған шүкіршілік етуіміз керек. Енді, міне, еліміздің рухани өміріндегі елеулі кезеңге қадам басқалы тұрмыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*// Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017 ж.
2. Мансұров Т.А. *Нәзір Төреқұлов*. – Алматы: ЖШС «Қазақстан баспа үйі», 2005. – 25-бет.
3. Қожакеев Т. *Жыл құстары*. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 120 бет.

4. Дарвеш. *Несколько слов о Киямете*. В кн. Фитрат. Қиямат (Халсий хикая). – Москва, 1923. –С.3-4.
5. Садықов С. *Қазақ публицистикасы: ұлттық бірегейлік мәселелері* (тарихи-филологиялық және әдістемелік аспектілер). Оқулық. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2013. -108-109 беттер.
6. Есова С. *Ауылда қызыл отау жұмысы*// Еңбекші қазақ. 1928. 8 наурыз; Жүсіпбекова К. *Мәдениет майданындағы бір міндет* // Еңбекші қазақ, 1928. 4 шілде; Тоқтыбаев И. *Сауатсыздықты жою майданында*// Еңбекші қазақ. 1930. 13 ақпан.
7. *Жаңа әліпби – мәдениет құралы*. Арнаулы бет// Еңбекші қазақ. 1929. 10 қаңтар; Тоғжанов Ғ. *Жаңа әліптің жасырын жауларының қарсылығын жояйық*// Еңбекші қазақ. 1931. 7 мамыр; т.б.
8. Мырзахметов М. *Қазақ қалай орыстандырылды?* – Алматы: Атамұра, 1993. – 128 бет.
9. Смайыл А. *Латын қарпі түркі әлемімен қауыштырады*// Егемен Қазақстан. 17 сәуір 2017.